

Зал-асым бөбекхан бакытасы

Айда заңым айбындан

Жарбасы: Бейсова Т

2024 ж.

Бекітілгеніш
2. Ерғанашов

Ата заңым-айбыным

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелуу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Көрнекілігі: Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаев суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы, слайд .

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, әнұран, би, ойын.

Балалар шаттық шенберге тұрып амандасады:

Амансын ба, көк аспан!

Амансын ба, жер-ана!

Амансын ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Жүргізуши сұрақтар қояды, балалар жауап береді.

- Арайлаған танды сүйетін кім?
- Алтын сәулені сүйетін кім?
- Жарқын даланы сүйетін кім?
- Туған жерді сүйетін кім?
- Ата-ананы сүйетін кім?
- Досын сүйетін кім?
- Еліміздің болашағы кімдер?

Жүргізуши: - Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995жылы өз Ата Занымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Елдігімнің – реңі,

Тендігімнің – тірегі,

Мұддесінен халықтың

Ажырамас бір елі.

Алтын заңым – арай таңым!

Балаларға конституция кітабының суретін көрсетеді.

Жүргізуши: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары-ұлкендерде, балалар да мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білу және түсіну тиіс.

Өз еліңнің Туын, Елтанбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстанның елордасы қай қала?
- Елбасымыз кім?
- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?
- Балалар сендер рәміздер туралы білесіндер ме?

Жүргізуши: Қатар шапқан қос тұллар,

Ай үстінде қазақ үй

Қалықтаған жас сұнқар.

Шарықтаған таза құ

Бұл танбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.

Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуши: Отан туы желбіреп,

Көз тартады құбыла.

Біз қараймыз елжіреп,

Тұған жердің туына.

Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуши: Әнұраным-жан ұраным,

Айттар әнім, сейлер сөзім.

Тұған жерім сағынарым,

Мәңгі-бақи шырқалады,

Республика әнұраны.

Балаларға әнұран айтуды ұсынады.

Балалар конституция күніне тақпақ айтады:

Бақдәулет: Оттызыншы тамыз бұл,

Конституция күнімен.

Құттықтаймын баршаны,

Шырқап айттар жырыммен.

Аяла: Конституция күні бұл,

Тынышыңды сақтайтын.

Ата заңының үні бұл,

Жақсылыққа баптайтын.

Ойын: "Көлеңкесін тап"

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

Қимылды ойын «Киіз үй»

Көтеріліп шанырақ,

Уықтары шаншылар.

Керегелер керіліп,

Әрімдей боп өрілер,

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп көрінер.

Слайд көрсету.

Қыздардың орындауында «Қамажай» би.

Жүргізуши: Конституция күні баршамызға құтты болсын!

Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «Конституция күні» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз

Қыздардың орындауында «Қамажай» би.

Жүргізуши: Конституция күні баршамызға құтты болсын!

Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «Конституция күні» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз